

«НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРІ» ДЕРБЕС БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫ

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН  
**КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ**  
АТА-АНАЛАРҒА АРНАЛҒАН АҚПАРАТ

Астана, 2016



## *Құрметті ата-аналар!*

*Брошюрада критериялды бағалау жүйесінің ерекшеліктерін түсінуге көмек ретінде Сіздер үшін қысқаша ақпарат ұсынылып отыр.*

*Оқушылардың мектепте білім алуы олардың сабақ оқуына, жан-жақты дамуына бағытталған. Баланың қаншалықты дамып жатқаны және қандай қиыншылықтарға тап болып жүргені туралы ақпарат алуы өте маңызды болып табылады. Дәл осындай ақпаратты мектеп тарапынан жүргізілетін бағалау қамтамасыз етуі қажет. Осыған орай оқушының дамуына, оқуға деген қызығушылығы мен ынтасын жоғарылатуға бағытталған критериялды бағалау жүйесі енгізілмек. Бұл үшін әрбір оқушы мен оның ата-анасына түсінікті болатын айқын және нақты өлшенетін бағалау критерийлері бекітілген.*

*Нақты бағалау критерийлерінің көмегімен оқушы, ата-ана және мұғалім келесілерді түсінуге мүмкіндік алады:*

- Оқушы білім алуың қай сатысында*
- Сабақ оқуда олар неге талпынады*
- Оқушының осыған қол жеткізуіне көмектесу үшін не істеу қажет*

*Ата-аналардың баланың оқуына қатысуы және оны үнемі қолдап отыруы оқуда жетістіктерге жетелейтінін есте сақтағаныңыз жөн!*

# АТА-АНАҒА **НЕНІ** БІЛГЕН МАҢЫЗДЫ



Бағалау мектепте критерийлер негізінде жүргізіледі.

Бағалау критерийлері сіздің балаңыздың нені білуі және істеуі қажет екенін көрсетеді.

Мысалы, оқушы:

- жиын элементтерінің ортақ белгілерін анықтай отырып, біріктіреді;
- жазық және кеңістік фигураларды ажыратады.

## Мектепте бағалаудың екі түрі қолданылады



# ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ БАҒАЛАУ

Оқушыларға өз оқуын жақсарту туралы кері байланысты (пікірлер мен ұсыныстар) беру мақсатында қалыптастырушы бағалау үздіксіз жүргізіледі.

Қалыптастырушы бағалау барысында сіздің балаңызға **баға қойылмайды**.

## Сабақ барысындағы қалыптастырушы бағалау



1.  $14,3 \text{ км} = 13, \text{ км}$        $307 \text{ км} = 34, \text{ км}$

2.  $46 - (23 + 17) = 6 \text{ км}$        $54 - 18 + 12 = 24$

$\begin{array}{r} 1) \ 23 \\ - 17 \\ \hline 40 \end{array}$        $\begin{array}{r} 2) \ 46 \\ - 40 \\ \hline 6 \end{array}$        $\begin{array}{r} 1) \ 18 \\ - 12 \\ \hline 30 \end{array}$        $\begin{array}{r} 2) \ 54 \\ - 30 \\ \hline 24 \end{array}$

*Екі таңбалы сандарды жазбаша дұрыс есептейсің.*

- масса өлшем бірліктерінің қатынасын;
- жақшасыз өрнектей алымдарды орындау тәртібін қайтала!

Мұғалімнің кері байланысына назар аударып, оқуда нәтижелерге қол жеткізу үшін балаңызға қолдау көрсетуіңіз өте маңызды. Бұл оқудағы олқылықтардың алдын алуға және жиынтық бағалауға дайындалуға өз септігін тигізеді.

## ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ

Жиынтық бағалау оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру деңгейін балл түрінде бағалау үшін өткізіледі:

- оқу бағдарламасының әр бөлімін оқып болғаннан кейін (бөлім бойынша жиынтық бағалау);
- тоқсан аяғында (тоқсандық жиынтық бағалау).

Жиынтық бағалаудың балдары жиналып, тоқсан аяғында тоқсандық бағаға және оқу жылы аяғында жылдық бағаға ауыстырылып қойылады. Бұл үшін келесі шәкіл қолданылады:

Жиынтық бағалау балдарының пайыздық құрамы	Бағалау көрсеткіштері	Баға
0 %	Бағаланбады	«1»
1%-20%	Қанағаттанғысыз	«2»
21%-50%	Қанағаттанарлық	«3»
51%-80%	Жақсы	«4»
81%-100%	Өте жақсы	«5»

## БАЛАҒЫЗДЫҢ ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІ

БӨЛІМ БОЙЫНША  
ЖИЫНТЫҚ  
БАҒАЛАУДЫҢ  
БАЛДАРЫ

ТОҚСАНДЫҚ  
ЖИЫНТЫҚ  
БАҒАЛАУДЫҢ  
БАЛДАРЫ

ТОҚСАНДЫҚ  
БАҒА



ЖЫЛДЫҚ БАҒА

## НӘТИЖЕЛЕРДІ ТІРКЕУ

Оқушыға қойылады	Сипаттамасы
Әр бөлім бойынша жиынтық жұмысқа балл қойылады	Алған балдардың жалпы саны және сәйкес оқу жетістіктерінің деңгейлері
Тоқсандық жиынтық жұмысқа балл қойылады	Алған балдардың жалпы саны
Тоқсандық баға	Тоқсан барысында тапсырған барлық жиынтық жұмыстарынан жинақталған нақты пайыздық көрсеткіштегі балы. Бөлім бойынша жиынтық жұмысынан алған балдың 50% мен тоқсандық жиынтық жұмысынан алған балдың 50% жинайды.
Жылдық баға	Шәкілге сәйкес барлық тоқсан бойынша алған балдардың максималды мүмкін балға пайыздық қатынасы



## НӘТИЖЕЛЕРДІ ҰСЫНУ

Құжат	Мазмұны
ПОРТФОЛИО	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Бөлім, тоқсан бойынша жиынтық бағалау жұмыстары</li> <li>• Мұғалімнің ұсыныстары, пікірлері, кері байланысы</li> <li>• Оқушының рефлексиясы*</li> </ul>
СЫНЫП ЖУРНАЛ	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Оқушылардың сабаққа қатысуы</li> <li>• Сабақ тақырыптары</li> <li>• Тоқсандық және жылдық баға</li> </ul>
ЭЛЕКТРОНДЫҚ ЖУРНАЛ	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Жиынтық бағалау жұмыстарының (бөлім бойынша, тоқсандық) балдары</li> <li>• Тоқсандық және жылдық баға</li> </ul>
ОҚУШЫНЫҢ ТАБЕЛІ	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Тоқсандық және жылдық баға</li> </ul>

\* Оқушының рефлексиясы – қайта ойлау, өз әрекетінің нәтижелерін талдау және өзін-өзі тану үдерісі.

## **АТА-АНАҒА НЕНІ ІСТЕГЕН МАҢЫЗДЫ**

- Оқу барысында балаңызға қажетті қолдау көрсету және көмектесу.
- Балаңыздың оқу нәтижелерін қадағалау.
- Мұғалімдермен сенімді қарым-қатынас орнату және балаңыздың оқу нәтижелерін олармен үнемі талқылау.
- Мектепте өткізілетін іс-шараларға (оқыту семинарлары, тренингтер, бағалау бойынша кеңес беру және т.б.) қатысу.

**Жиынтық бағалау бойынша балаңыздың барлық жұмыстары арнайы портфолиоға жиналады және онымен мектепте танысуға болады.**

<http://sk.nis.edu.kz>

## Ескертпе үшін

